

"Балалар толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 372 бұйрығының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 15 шілдедегі № 275 бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1 бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Балалар толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 372 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4303 тіркелген, 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 6 (1603) "Юридическая газета" жарияланған).

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын;

2) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауын және оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі М.А. Әбеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр *Б.Жұмағұлов*